

ОМАР БАЗАРКҮЛ ҚАЛТАЙҚЫЗЫ

филология ғылымдарының кандидаты, доцент



Омар Базаркул Қалтайқызы 1948 жылы 08 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Талапты ауылында дүниеге келген. 1965 жылы аудан орталығындағы Жамбыл атындағы орта мектебін бітірген соң, аудандық «Қызылқұм» газетінде корректор болып жұмыс істеген. 1966 жылы Қазақтың қыздар педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, 1970 жылы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген. 1970-1982 жылдар аралығында Отырар ауданындағы мектептерде, Ленин (Ш.Қалдаяқов) атындағы орта мектепте мұғалім, Жамбыл орта мектебі мен №4 мектеп-интернатта (қазіргі Ө. Жәнібеков атындағы) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, директордың оқу ісі және тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, бастауыш партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқарды.

Б.Қ.Омар жоғары оқу орнындағы қызметін 1982 жылы Шымкент педагогика институтында әдіскер болудан бастап, 1985 жылдан қазақ тілі кафедрасында оқытушы, 1993-2011 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент институтында аға оқытушы, доцент, 2004-2007 оқу жылдарында Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

2001 жылы ҚР БжҒМ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында профессор М.Оразовтың жетекшілігімен «Етістік негізді туынды сын есім семантикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. 2006 жылы ЖАК-тың шешімімен «10.02.02 Тіл білімі мамандығы» бойынша доцент ғылыми атағы берілді.

Базаркул Қалтайқызы 120-дан аса ғылыми мақалалар мен оқу құралдарының авторы. Негізгілерін атасақ, Қазақстанда лабораториялық жұмысқа арналған тұңғыш еңбек «Қазіргі қазақ тілі морфологиясынан лабораториялық жұмыс» (Ө.Ахабаевпен бірлесіп жазылған) атты оқу құралы «Қазақ университеті» баспасынан 1992 жылы жарық көрді. 2000 жылы «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы», «Қазақ тілі практикумының қысқаша курсы», 2004 жылы «Қазақ тілі», «Қазақ тілі сабақтарында жаттығу мен талдау жұмысының әдістемесі», 2007 жылы «Қазақ тіліндегі сын есім сөзжасамы және семантикасы» атты монография, 2010 жылы «Қазіргі қазақ тілі: сөзжасам, морфология», 2014 жылы «Морфология: теориясы мен практикасы» атты оқу, оқу-әдістемелік құралдары баспадан шықты. 2016 жылы М.Кәдеевамен бірге дайындаған «Қазіргі орыс тілінің сөзжасамы мен

морфологиясы» атты оқу құралы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, 2022 жылы «Қазақ тілінің морфологиясы: теориялық және практикалық сабақтар» атты оқу құралы жарық көрді. Аталған оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарын студенттер, магистранттар пайдалануда.

1996 жылы ҚР ЖОО өткізілетін «Ең үздік ғылыми жұмыс» атты республикалық байқауда Б.Омардың жетекшілігімен орындалған Оразбекова Гүлнұрдың ғылыми-зерттеу жұмысы үздік деп танылып, ҚР Білім министрлігінің I дәрежелі дипломымен, 2007 жылы студенті Қоңырбаева Құндыздың жұмысы ҚР Білім және ғылым министрлігінің III дәрежелі дипломымен марапатталды. Базаркүл Қалтайқызы 1996 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталса, әр жылдары облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың және қала әкімінің, облыстық білім басқармасының мақтау қағазымен, алғыс хаттарымен, 2017 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен, 2018 жылы «ОҚМПИ-дің 80 жылдығына арналған» мерекелік медалмен марапатталған.

ЖОО бітіргеннен кейінгі 52 жыл еңбек өтілінің 40 жылын бір оқу орнында, бір кафедрада жұмыс істеп келе жатқан Базаркүл Қалтайқызы Омар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында доцент қызметін атқаруда және «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы», «Морфемалардың функционалды-семантикалық ерекшеліктері» пәндерінен дәріс беруде.